

АЛТЫН АСТЫҚ

28 наурыз - март 2022 год

eginredaksiya.kz

№ 12 (400)



Бүгін Премьер-Министрдің орынбасары Ералы Тоғжановтың төрағалығымен Қазақстан Республикасының аумағында коронавирус инфекциясы таралуының алдын алу жөніндегі ведомстволық комиссияның отырысы өтті. Комиссия жұмысына мемлекеттік органдардың, «Атамекен» ҰҚП өкілдері және өңірлердің басшылары қатысты. Елдегі эпидемиологиялық жағдайдың тұрақтануын ескере отырып, Ведомстволық комиссия келесідей шешімдер қабылдады:

үй-жайларда міндетті маска кию талабын алып тастау;
медициналық мекемелерде (персонал, қызметкерлер, пациенттер, келушілер) медициналық маскаларды кию міндетін өз күшінде қалдыру;
адамдар көп жиналатын орындарда, қоғамдық көлікте, ұйымдасқан ұжымдарда маска киюді ұсынымдық сипатта қалдыру;
білім беру ұйымдарында оқытудың кабинеттік жүйесіне рұқсат беру.

Сондай-ақ ВАК шешімімен «Pfizer» препаратымен вакцинациялауға жататын тұлғалар контингенті кеңейтіледі, ол мынадай санаттармен толықтырылады:

бастапқы вакцинациялаудан өтетін, осы препаратпен профилактикалық егуді алғысы келетін адамдар; түрлі себептермен шетелге шығу үшін қайталама екпе алушылар; шетелде алған вакцинация курсы аяқтау үшін екпе алушы тұлғалар;

COVID-19 вирусына қарсы ревакцинация алушы барлық топтағы адамдар.

Отырыс соңында Е.Тоғжанов қолайлы эпидемиологиялық жағдайды қамтамасыз етудің басты шарттарының бірі азаматтарды уақтылы иммундау және ревакцинациялау болып табылатынын атап өтті. Ол әкімдіктерге коронавирус инфекциясына қарсы егу науқанын ерекше бақылауға алуды тапсырды және халық арасында сапалы түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажеттігін атап өтті.

Под председательством заместителя Премьер-Министра Ералы Тугжанова состоялось заседание межведомственной комиссии по недопущению и распространению коронавирусной инфекции на территории Республики Казахстан.

В работе комиссии приняли участие представители государственных органов, НПП «Атамекен» и руководители регионов.

Учитывая стабилизацию эпидемиологической ситуации в стране, Межведомственной комиссией приняты следующие решения:

*отменить обязательное ношение масок в помещениях;
*сохранить обязательное ношение медицинских масок в медицинских организациях (персонал, сотрудники, пациенты, посетители);

*сохранить рекомендательный характер ношения масок в местах массового скопления населения, общественном транспорте, в организованных коллективах;
*разрешить кабинетную систему обучения в организациях образования.

Также решением МКВ расширяется контингент лиц, подлежащих вакцинации Pfizer, он дополняется следующими категориями:

-лица, получающие первичную вакцинацию, желающие получить профилактическую прививку данной вакциной;
- лица, получающие повторную вакцинацию для выезда за рубеж по различным причинам;
- лица, завершающие курс вакцинации начатый за рубежом; все группы населения, получающие ревакцинацию против Covid-19.

В завершении заседания Е. Тугжанов отметил, что одним из главных условий обеспечения благополучной эпидемиологической ситуации является своевременная вакцинация и ревакцинация граждан. Он поручил акиматам взять на особый контроль прививочную кампанию против коронавирусной инфекции и подчеркнул необходимость качественной разъяснительной работы среди населения.

МКВ по нераспространению COVID-19

Ұлыс оң болсын!

22 наурыз - Ұлыстың ұлы күні. Бұл күні күн мен түн теңеледі. Табиғат та, Жер-Ана да, жан-жануар да түлейді, жаңарады. Адамзаттың бойында қан жүгіріп, тал-теректер бүршік жарады. Қазақтың сайын даласына Қызыр баба кезіп, адам баласына құт-береке, бақ-дәулет сыйлайды. Самарқанның көк тасы еріп, қасиетті қара жер, қара топырақ бусанады. Ұлы даланың төсінде қызғалдақтар құлпыра өсіп, бел-белестерге қызылды-жасылды кілем төселеді. Ұлан-байтақ Қазақстанның халқы жеті түрлі дәмнен наурыз көже жасап, ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарды сақтап, ай бойы Ұлыстың Ұлы күнін тойлайды. Бүкіл Шығыс халқына ортақ бұл мейрамда араздасқандар татуласып, дүйім халық, мұқым ел ауызбіршілікте болады.

Осы орайда Ұлыстың ұлы күні Өз-Наурыз мерекесіне байланысты Ақмола облысы, Егіндікөл ауданында барлық карантиндік шаралардың талаптарын сақтай отырып, 21-наурыз күні орталық алаңда мерекелік іс-шара аталып өтті. Ұлттық мерекеміздің мерейін



асқақтату үшін алаңға киіз үйлер тігіліп, алтыбақан қойылып, тәтті тағамдар таратылып, сондай-ақ қызықты спорттық шаралар ұйымдастырылып, концерттік бағдарламалар қойылды. Ауа-райының қолайсыздығына қарамаған барша игі-жақсылар жылына бір келетін Наурыз мерекеміздің жоғары өрі жақсы деңгейде өтуіне ешқайсысы аянып қалмады. Барша жұртты бір тудың астына жиналуға шақырған Егіндікөл ауданының әкімі Мұхамедин Ерлан Қыздарбекұлы құттықтау сөз сөйлеп, іс-шара соңында жеңімпаздарға марапаттау рәсіміне шақырып, бағалы сыйлықтар табыстады. Татулығы мен бірлігі жарасқан аудан тұрғындары мен қонақтарына ерекше лебізді мерекелік көңіл-күй сыйлады. Ынтымағы жарасқан көп ұлтты еліміздің осы бірлігін Құдай ұзағынан

сүйіндіргей! Әрбір шаңыраққа Қыдыр дарып, бақ қонсын! Ұлыстың Ұлы күні құтты болсын, ағайын! Егіндікөл ауданы ішкі саясат, мәдениет тілдерді дамыту және спорт бөлімінің смм менеджері

Аманжол Сұрағанов





Егіндікөл ауданында сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын - алу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың орындалуы бойынша қабылданатын шаралар туралы

Біз қазіргі жұмысымызда Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын,

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы Стратегияны басшылыққа аламыз. Сыбайлас жемқорлық деңгейін қысқартуға қабілетті алдын алу шараларының бірі алдын алу-профилактикалық қызмет болып табылады.

2021 жылы Егіндікөл ауданы әкімдігінің жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комиссияның жұмыс жоспары бекітілді және Комиссияда келесі мәселелер қаралды:

-сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптағы БАҚ-та және мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында жарияланымдарды қамтамасыз ету бойынша жұмыс нәтижелері.

- ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді беру тәртібін сақтау және осы салада сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі шаралар. - ауыл шаруашылығы және кәсіпкерлік саласында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес жөнінде қабылданып жатқан шаралар туралы.

- ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі бойынша сыбайлас жемқорлықтың алдын - алу және оған қарсы күрес жөнінде қабылданып жатқан шаралар туралы.

-сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі бойынша сыбайлас жемқорлықтың алдын - алу және оған қарсы күрес жөнінде қабылданып жатқан шаралар туралы. 2021 жылдың өткен кезеңінде аудан бойынша барлығы 18 адам тәртіптік жауапкершілікке тартылды, оның ішінде 10 ескерту, 1 сөгіс, 3 қатаң сөгіс, 2 толық емес қызметтік сәйкессіздік, 1 мемлекеттік лауазымын төмендету және 1 жұмыстан босату.

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызмет туралы» заңның нормаларына сәйкес мемлекеттік қызметшілерді қабылдау конкурстық негізде жүргізіледі. Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушылар, Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның қызметкерлері, сарапшылар шақырылады. Бос лауазымдарға әңгімелесудің аудио және бейнежазбасы жүргізіледі.

Мемлекеттік қызметке қабылдау кезінде азаматтар лауазымдық өкілеттіктерін жеке, топтық және өзге де қызметтік емес мүдделерде пайдалануға әкеп соғуы мүмкін іс-әрекеттерге жол бермеу мақсатында өздеріне белгіленген шектеулерді қабылдайды.

Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында ауданда мемлекеттік, азаматтық қызметшілердің, БАҚ, этномәдени, діни, кәсіподақ, жастар ұйымдары өкілдерінің қатысуымен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті және ұсақ және басқа да құқық бұзушылықтарға «мүлдем төзбеушілік» қағидатын қалыптастыру бойынша диалог алаңдары, дөңгелек үстелдер, кездесулер өткізіледі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелеріне қатысты мақалалар мен очерктерді жариялау кестесі бекітілді. Кестені орындау мақсатында аудандық «Алтын астық» газетінде мемлекеттік органдар басшыларының мақалалары, халыққа сыбайлас жемқорлық фактілері туралы тиісті қызметтерді ақпараттандыруға мүмкіндік беретін «Сенім телефондары» мақалалары тұрақты негізде жарияланады. 2021 жылдың өткен кезеңінде 28 мақала жарияланды.

Бекітілген кестеге сәйкес 2021 жылдың өткен кезеңінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша 16 іс-шара өткізілді. Аталған іс-шаралар Егіндікөл ауданының мемлекеттік ұйымдарында өткізілді.

Мемлекеттік мекемелердің басшылары тікелей эфирде сөйлеу кестесіне сәйкес «Адал көмек» жобасы бойынша 86 тікелей эфир өткізді.

Ағымдағы жылы Егіндікөл ауданының жергілікті атқарушы органдарының мемлекеттік қызметшілері арасында Мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылғандар тіркелген жоқ.

Ауданның әрбір білім беру ұйымында тәрбие жұмысы бойынша жоспарлар бекітіледі, оған құқық қорғау, қадағалау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы органдардың қызметкерлерімен кездесулерді ұйымдастырумен білім алушылардың құқықтық тәрбиесі бойынша іс-шаралар кіреді.

Педагогикалық ұжым оқу орнында және тұрғылықты жері бойынша тұлғаны тәрбиелеу, білім беру, дамыту және әлеуметтік қорғау, ҚР заңдарын, ұжымдық өмір нормаларын құрметтеуге тәрбиелеу, азаматтық және әлеуметтік жауапкершілікті дамыту бойынша іс-шаралар кешенін жүзеге асырады. Оқу жылы бойы білім беру ұйымдарында құқықтық тәртіп қызметкерлері мен құқықтық пәндер оқытушыларының қатысуымен құқықтық лектория сабақтары өткізіледі.

Жоғары өнегелі, жауапты, бастамашыл және әлеуметтік-Құзыретті азамат пен патриоттың қалыптасуы мен дамуына жағдай жасау мақсатында 9 білім беру ұйымында 5-11 сынып оқушылары қатарынан «Адал Ұрпақ» үйірмесі құрылды.

«Адал Ұрпақ» үйірмесінің жұмыс жоспары құрылып, бекітілді. Оның негізгі міндеті мектеп ортасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті нығайту бойынша бастамаларды көтермелеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы іс-шараларды ұйымдастыруға қатысу болып табылады.

Мемлекеттік әлеуметтік қызметтерді көрсету кезінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық тәуекелдерін барынша азайту мақсатында ағымдағы жылдың басынан бастап оңалту құралдарымен және әлеуметтік қызметтермен қамтамасыз ету әлеуметтік қызметтер порталы арқылы жүргізіледі. Яғни, бүгінде мұндай қызметтерді алудың барлық процесі толығымен автоматтандырылған.

Кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіру фактілерін анықтау мақсатында тұрақты негізде мониторинг жүргізіледі. 2021 жылдың өткен кезеңінде мұндай фактілер анықталған жоқ.

Егіндікөл ауданы әкімінің сайтында жер қатынастары саласында мемлекеттік қызмет көрсетудің барлық қолданыстағы ережелері орналастырылған, жеручаскелерін немесе жер учаскелерін жалдау құқығын сату бойынша сауда-саттық (конкурстар, аукциондар), шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру бойынша конкурстар өткізу туралы хабарландырулар жарияланады. 2021 жылдың өткен кезеңінде жалпы ауданы 959,8 мың га (560,8 га егістік, қалған 399 га жайылым) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге 1 конкурс өткізілді, оған 23 қатысушы қатысты. Қабылданатын шешімдердің ашықтығы мақсатында Жер комиссиясы отырыстарының бейнетүсірілімі YouTube видеохостингінде онлайн-трансляциямен және Егіндікөл ауданы әкімдігінің ресми сайтында жазбаны орналастырумен жүргізіледі. 2020 жылы еліміздің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының негізгі міндеттерінің бірі әкімдіктерді мемлекеттік аппараттың ашықтығы мен клиентке бағдарлануын арттыратын сервистік модельге көшіру болды. 2019 жылдың қараша айында Егіндікөл ауданында алғашқылардың бірі болып «сервистік әкімдік» іске қосылды, ол мөлдір қабырғалары бар аудан әкімі аппараты ғимаратының 1-қабатының холлында орналасқан.

Сұранымдармен жүгінген кезде азаматтар турникетке

дейін сервистік әкімдікке қол жеткізе алады, онда жұмыспен қамту, ауыл шаруашылығы, жер қатынастары, тұрмыстық коммуналдық шаруашылығы және білім беру салаларының мамандары консультациялық көмек көрсетеді. Мұнда тұрғындардың eGov порталына қол жеткізуіне арналған орын, облыс бойынша тегін қоңырау шалуға арналған телефон, тегін WiFi ұйымдастырылған, қолайлы орта, теледидар мен кулер бар күту аймағы, сондай-ақ балалар бұрышы бар.

Мемлекет Басшысының тапсырмаларын іске асыру, «халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру аясында аудан әкімінің және оның орынбасарларының кабинеті әкімдік ғимаратының бірінші қабатына көшірілді.

Мемлекеттік қызметтерді алуға қолжетімділік, сондай-ақ электрондық мемлекеттік қызметтерді алу бойынша халықтың сауаттылығын арттыру және дәріптеу мақсатында ауылдарда және ауылдық округтерде, білім беру мекемелерінде «E-gov» қолжетімділік бұрыштары құрылған.

Егіндікөл ауданының мемлекеттік қызметшілері арасында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілерінің алдын алу және оларға жол бермеу мақсатында ауданның мемлекеттік органдарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша ішкі талдау жүргізу үшін жұмыс тобы құрылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдаудың мәні:

1. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасы;
2. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау сапасы;
3. Қызметтік этиканы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормаларын сақтау;
4. Персоналды басқару тиімділігі;
5. Барлық мемлекеттік органдарда әдеп жөніндегі уәкілдің, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің және прокуратураның сенім телефондары орналастырылған. 2021 жылғы 20-30 сәуір аралығында ауданның барлық дербес бөлімдерінде (Егіндікөл ауданының сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі, Егіндікөл ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі, Егіндікөл ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, Егіндікөл ауданының экономика және қаржы бөлімі, Егіндікөл ауданының ауыл шаруашылығы, жер қатынастары және кәсіпкерлік бөлімі) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Сондай-ақ, 2021 жылғы 11-28 мамыр аралығында Егіндікөл ауданы әкімі аппаратының және барлық ауыл және ауылдық округ әкімі аппараттарының қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша ішкі талдау жүргізілді.

Талдау қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы», «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» заңдарын, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету стандарттары мен регламенттерін сақтау және Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру қажеттігі туралы ұсынымдар енгізілді.

2021 жылдың өткен кезеңінде Әдеп кодексінің және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормаларын бұзуға жол берілген жоқ.

2022 жылы Егіндікөл ауданы әкімдігінің жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комиссияның жұмыс жоспары бекітілді.

аудан әкімі Е.Мухамедин

Егіндікөл ауданы әкімінің 2022 жылғы екінші тоқсанда халықпен тұрақты кездесулерінің КЕСТЕСІ

	20 сәуір сәрсенбі	22 сәуір жұма	27 сәуір сәрсенбі	28 сәуір бейсенбі	29 сәуір жұма
Егіндікөл ауданының әкімі	Бауман а., Бауман ауылының ЖББМ, 10:00 Қоржынкөл а., Қоржынкөл ауылының ЖББМ, 14:00	Жалманқұлақ а/о, әкімдік, 10:00 Абай а., әкімдік, 15:00	Буревестник а., әкімдік, 10:00 Ұзынкөл а/о, мәдени-демалыс орталығы, 14:00	Алакөл а/о, мәдени-демалыс орталығы, 10:00 Спиридоновка а., Спиридоновка ауылының ЖББМ, 15:00	Егіндікөл а., аудандық Мәдениет үйі, 10:00

**ГРАФИК
регулярных встреч акима Егиндыкольского района с населением
во втором квартале 2022 года**

	20 апреля среда	22 апреля пятница	27 апреля среда	28 апреля четверг	29 апреля пятница
Аким Егиндыкольского района	с.Бауманское, ОШ села Бауманское, 10:00 с.Коржинколь, ОШ села Коржинколь, 14:00	Жалманкулакский с/о, акимат, 10:00 с.Абай, акимат, 15:00	с.Буревестник, акимат, 10:00 Узынкольский с/о, культурно-досуговый центр, 14:00	Алакольский с/о, культурно-досуговый центр, 10:00 с.Спиридоновка ОШ села Спиридоновка 15:00	с.Егиндыколь, районный Дом культуры, 10:00

Сот істері

Сот төрелігін жүргізу кезіндегі соттың және судьяның тәуелсіздігінің басты мәселелері

Биліктің бір ерекше тармағы болып саналатын тәуелсіз сот жүйесінің басты мақсаты – адам мен азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау. Сот жүйесіндегі барлық деңгейдегі судьялар айрықша орын алады, өйткені судья — бұл Қазақстан Республикасындағы сот билігінің өкілі.

Ол конституциялық тәртіппен сот төрелігін жүзеге асыру және өзінің міндеттерін кәсіби негізде орындау өкілеттіктеріне ие. Халықтың конституциялық құқықтарын жоғары қоятын, Қазақстан елі үшін өте маңызды, демократиялық және құқықтық мемлекет құру жолында «Сот төрелігін жүзеге асырудағы сот пен судьяның тәуелсіздігі» мәселесі қашан да бірінші орында тұрады.

Сот ісін жүргізуді қамтамасыз ету мақсатында судьяларға белгілі бір талаптар қойылады:

- Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын бұлжытпай сақтау;

- сот төрелігін іске асыру жөніндегі қызметке заңсыз

араласудың кез келген әрекеттеріне қарсы тұру;

- судьялар кеңесінің құпиясын сақтау.

Мемлекеттік биліктің бір тармағы ретінде сот билігінде бір тұтас мемлекет құрылысына тән барлық ортақ белгілері бар:

оның қызметі мемлекеттің бүкіл кеңістігінде әрекет ететін Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді; сот органдарының шешімдері мемлекеттік органдар, лауазымды тұлғалар, олардың бірлестіктері үшін міндетті.

Судьялар іс бойынша іс жүргізудің бүкіл процесі барысында дәлелдермен және істің бүкіл материалдарымен мұқият танысып, зерттейді, сонан соң конституция мен заңды басшылыққа ала отырып, шешім қабылдайды. Соттардың төрағалығы қызметіне кәсіпқойлық, адамгершілік және психологиялық сапасын ескере отырып таңдау тәжірибесі мен механизмдерін жақсарту бойынша іс-шараларды қабылдау сот төрелігін жүзеге асырудың жоғарғы сапалығын қамтамасыз етеді.

Қазақстандағы қазіргі негізгі мәселелердің бірі — бұл соттық және судьялық тәуелсіздікті қамтамасыз ету, сонымен қатар сот төрелігін жүзеге асырудың ашықтығы мен қолжетімділігі бойынша нақты механизмдер қалыптастыру қажеттігі.

Егіндікөл аудандық сотының бас маманы: Г. Мусина

Кешенді әлеуметтік заң көмегін қалай алуға болады?

Әр түрлі жағдайларға байланысты барлық азаматтар ақылы заңгерлік кеңес немесе адвокаттық қызмет ала алмайды, сондықтан әлемдік тәжірибеде халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдаудың әр түрлі нысандары бар. Осы нысандардың бірі – кешенді заң көмегі.

2018 жылы заң көмегін көрсету саласындағы заңнаманы жетілдіруге бағытталған «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Заң азаматтардың конституциялық құқығын іске асыруда білікті заң көмегін алуға сондай-ақ, халықтың әлеуметтік осал топтарына өмірлік қиын жағдайда жүрген адамдарға тегін негізде заң көмегін алуға еркін қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында әзірленді. Занда азаматтардың адвокаттардан да, заң кеңесшілерінен де «Pro bono» тәжірибесі бойынша тегін және толық сүйемелдеумен білікті заң көмегін алу көзделген.

«Pro bono» латынша «pro bono publico» сөзінен шыққан, ол «қоғамдық игілік үшін» деген мағынаны білдіреді. Бұл сөзді әр түрлі контексте қолдануға болатынына қарамастан, заңға қатысты ақысыз негізде құқықтық қызмет көрсетуді білдіреді.

«Pro bono» заңгерлік қызметтерін мемлекет төлемейді, бірақ оны заңды қауымдастық ерікті негізде көрсетеді және заң кәсібінің әлеуметтік жауапкершілігінің элементі болып табылады. Сондай-ақ, pro bono қызметтерін мәжбүрлеп көрсету мүмкін емес, өйткені бұл міндет емес, құқық екенін атап өткен жөн.

«Pro bono» заңгерлік көмегі тек телефон арқылы көрсетілетін қарапайым заңгерлік кеңес емес екенін түсіну керек. Бұл істі немесе заңгерлік көмекті басынан аяғына дейін жүргізуден тұратын барлық қызметтер жиынтығы. Осылайша, pro bono жағдайында, кешенді әлеуметтік заң көмегі туралы айтылатын болады.

Кешенді әлеуметтік заң көмегі көрсетілуі мүмкін:

- «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өмірлік қиын жағдайда жүрген адамдарға;

- атаулы әлеуметтік көмекке құқығы бар адамдарға;

- Ұлы Отан соғысының қатысушыларына және оларға теңестірілген адамдарға;

- бірінші және екінші топтағы мүгедектерге;

- жасына байланысты зейнеткерлерге;

- қарттар мен мүгедектерге арналған жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) тұратын қарттар мен мүгедектерге.

Қазіргі уақытта мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету мәселесі мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі болып табылатынын айта кету керек.

Бұл ретте, азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету құралдарының бірі өтеусіз негізде көрсетілетін кешенді әлеуметтік заң көмегі болып табылады.

Кешенді әлеуметтік заң көмегін енгізу – pro bono, сөзсіз, еліміздің азаматтарын әлеуметтік қолдаудың пәрменді әдістерінің бірі болып табылады.

Целиноград ауданаралық әділет басқармасы

Государственная услуга

Государственная услуга

«Выдача разрешения на использование земельного участка для изыскательских работ»

1.Способы предоставления государственной услуги (каналы доступа):

Веб-портал «электронного правительства» www.egov.kz (далее – портал).

2.Срок оказания государственной услуги:

10 (десять) рабочих дней

3.Форма оказания государственной услуги: Электронная.

4.Результат оказания государственной услуги:

постановление услугодателя о выдаче разрешения на использование земельного участка для изыскательских работ, либо мотивированный отказ в оказании государственной услуги.

5.Размер оплаты, взимаемой с услугополучателя при оказании государственной услуги, и способы ее взимания в случаях, предусмотренных законодательством Республики Казахстан:

Бесплатно.

6.Перечень документов необходимых для оказания государственной услуги:

1) заявление о выдаче разрешения на использование земельного участка для изыскательских работ в форме электронного документа, удостоверенного электронной цифровой подписью услугополучателя;

2) электронная копия плана (схема) участка проведения изыскательских работ;

3) электронная копия задания на выполнение изыскательских работ.

По всем вопросам обращаться в ГУ «Отдел сельского хозяйства, земельных отношений и предпринимательства Егіндықольского района». Тел. 2 1510.

Государственная услуга «Назначение жилищной помощи»

1. Наименование услугодателя: местные исполнительные органы городов Нур-Султана, Алматы и Шымкент, районов и городов областного значения

2 Способы предоставления государственной услуги (каналы доступа) 1) Государственная корпорация «Правительство для граждан»;

2) веб-портал «электронного правительства»: www.egov.kz;

3. Срок оказания государственной услуги 8 (восемь) рабочих дней

4Форма оказания государственной услуги электронная (частично автоматизированная) и (или) бумажная.

5. Результат оказания государственной услуги уведомление о назначении жилищной помощи либо мотивированный ответ об отказе в оказании государственной услуги в случаях и по основаниям, предусмотренным приложением 12 настоящих Правил.

6. Размер оплаты, взимаемой с услугополучателя при оказании государственной услуги, и способы ее взимания в случаях, предусмотренных законодательством Республики Казахстан - бесплатно

7. График работы 1) Государственной корпорации – с понедельника по субботу включительно, в соответствии с установленным графиком работы с 9-00 до 20-00 часов без перерыва на обед, за исключением воскресенья и праздничных дней, согласно трудовому законодательству Республики Казахстан;

2) портала – круглосуточно за исключением технических перерывов в связи с проведением ремонтных работ (при обращении услугополучателя после окончания рабочего времени, в выходные и праздничные дни согласно трудовому законодательству Республики Казахстан, прием заявлений и выдача результатов оказания государственной услуги осуществляется следующим рабочим днем);

3) услугодатель – с понедельника по пятницу, в соответствии с установленным графиком работы, за исключением выходных и праздничных дней, согласно Трудовому кодексу Республики Казахстан с перерывом на обед.

8. Перечень документов 1) в Государственную корпорацию: заявление по форме согласно приложению 1 к настоящим Правилам;

- документ, удостоверяющий личность заявителя

(оригинал представляется для идентификации личности услугополучателя);

- документы, подтверждающие доходы семьи (за исключением сведений получаемых из соответствующих государственных информационных систем);

- справка с места работы либо справка о регистрации в качестве безработного лица (за исключением сведений получаемых из соответствующих государственных информационных систем);

- сведения об алиментных на детей и других иждивенцев;

- банковский счет;

- счета о размерах ежемесячных взносов на содержание жилого дома (жилого здания);

- счета на потребление коммунальных услуг;

- квитанцию-счет за услуги телекоммуникаций или копия договора на оказание услуг связи;

- счет о размере арендной платы за пользование жилищем, арендованным местным исполнительным органом в частном жилищном фонде, предъявленный местным исполнительным органом;

2) на портал:

- запрос в форме электронного документа, удостоверенный ЭЦП услугополучателя;

- электронная копия документов, подтверждающих доходы семьи;

- электронная копия справки с места работы либо справка о регистрации в качестве безработного лица;

- электронная копия сведений об алиментных на детей и других иждивенцев;

- электронная копия банковского счета;

- электронную копию счета о размерах ежемесячных взносов на содержание жилого дома (жилого здания);

- электронную копию счета на потребление коммунальных услуг;

- электронную копию квитанцию-счет за услуги телекоммуникаций или копию договора на оказание услуг связи;

- электронную копию счета о размере арендной платы за пользование жилищем, арендованным местным исполнительным органом в частном жилищном фонде, предъявленного местным исполнительным органом.

9. Основания для отказа в оказании государственной услуги, установленные законодательством Республики Казахстан 1) установление недостоверности документов, представленных услугополучателем для получения государственной услуги, и (или) данных (сведений), содержащихся в них;

2) несоответствие услугополучателя и (или) представленных материалов, объектов, данных и сведений, необходимых для оказания государственной услуги, требованиям, установленным в настоящих Правилах;

3) в отношении услугополучателя имеется вступившее в законную силу решение (приговор) суда о запрещении деятельности или отдельных видов деятельности, требующих получения определенной государственной услуги;

4) в отношении услугополучателя имеется вступившее в законную силу решение суда, на основании которого услугополучатель лишен специального права, связанного с получением государственной услуги.

Услугополучатель имеет возможность получения государственной услуги в электронной форме через портал при условии наличия электронной цифровой подписи.

Для получения государственных услуг в электронной форме посредством портала субъекты получения услуг в электронной форме могут использовать одноразовые пароли в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Как получить комплексную социальную юридическую помощь?

В силу различных обстоятельств, не все граждане могут позволить платную юридическую консультацию или услуги адвоката, поэтому в мировой практике существуют различные формы поддержки социально-уязвимых слоев населения. Одной из форм является комплексная социальная юридическая помощь.

В 2018 году принят Закон Республики Казахстан «Об адвокатской деятельности и юридической помощи», направленный на совершенствование законодательства в сфере оказания юридической помощи.

Закон разработан в целях реализации конституционного права граждан на получение квалифицированной юридической помощи, обеспечение свободного доступа к получению юридической помощи на бесплатной основе социально-уязвимым слоям населения, а также лицам, находящимся в трудной жизненной ситуации.

Законом предусмотрено получение квалифицированной юридической помощи, как от адвокатов, так и от юридических консультантов, с бесплатным и полным сопровождением правовой ситуации по практике «Pro bono». «Pro bono» происходит от латинской фразы «pro bono publico», что означает «для общественного блага». И хотя слово можно использовать в разном контексте, применительно к юриспруденции оно означает предоставление юридических услуг на бесплатной основе.

Оказание юридических услуг pro bono не оплачивается государством, но оказывается юридическим сообществом на добровольных началах и является элементом социальной ответственности юридической профессии. Следует также

особо отметить, что услуги pro bono не могут оказываться по принуждению, так как это право, а не обязанность. При этом следует понимать, что юридическая помощь pro bono не является простой юридической консультацией, которая может быть оказана просто по телефону. Это весь комплекс услуг, который предусматривает ведение дела или юридической помощи от начала до самого конца. Таким образом, в случае с pro bono речь будет идти именно о комплексной социальной юридической помощи.

Комплексная социальная юридическая помощь может оказываться:

- лицам, находящимся в трудной жизненной ситуации, в соответствии с Законом Республики Казахстан «О специальных социальных услугах»;

- лицам, имеющим право на адресную социальную помощь;

- участникам Великой Отечественной войны и лицам, приравненным к ним;

- инвалидам первой и второй группы;

- пенсионерам по возрасту;

- престарелым и инвалидам, проживающим в медико-социальных учреждениях (организациях) для престарелых и инвалидов общего типа.

Следует отметить, что вопрос оказания социальной помощи нуждающимся гражданам в настоящее время является одним из приоритетных направлений в политике государства.

Внедрение комплексной социальной юридической помощи - pro bono, безусловно, будет являться одним из действенных методов социальной поддержки граждан нашей страны.

Целиноградское межрайонное управление юстиции

Ұлттық дәстүр – ұмытылмас байлық



Бала бойындағы үлкенге құрмет, кішіге ізет, досқа адалдық, білім мен білік сынды қасиеттердің бала бойына отбасынан даритындығы сөзсіз. Дегенмен, осы тәрбиенің қайнар көзі болып тұрған мектеп қабырғасының бала өміріндегі елеулі рөлін атап өткен жөн. Осы орайда мектепте ұйымдастырылатын талай іс-шараның ең бастысы «Білім мен тәрбие қатар жүрер», - деген ұранмен өткізілетіндігі айдан анық. Оның бірден-бір дәлелі Ұлыстың ұлы күніне орай Егіндікөл ауылының №1 жалпы орта білім беретін мектебінде «Қош келдің, Өз Наурыз!» атты тәрбиелік іс-шарасы болса керек. 1-сыныптың бүлдіршіндерінен бастап жоғары сынып оқушыларының өнерлерін паш еткен бұл шараның тәрбиелік маңызы

тереңде жатқандығын сол шара барысында көпшілік куә болды. Мың бұрала билеген арулар, қазақтың салт-дәстүрін жаңғыртқан көріністер, сазды әуендер, қасиетті қара домбыраның күмбірі барлығы да қазақилықтың белгісін көрсете білгендей. Ал, ұлттық ойындарда өнерлерін ортаға салып, біліктілік пен ептілікті дәлелдеген оқушылардың марапатталуы да олардың дәстүрді аялайтындығының белгісі. Мектеп директоры Динара Құттыбайқызының құттықтау сөзі мен марапаттауынан басталған іс-шара барысында қазақтың дөңгелек үстелі ұлттық тағамдарға лық толып, қолөнердің ерекшелігін көрсететін көрме де кеш келбетін аша түскендей. 1-сынып жетекшісі Алмагүл апайдың жетекшілігімен өнер көрсеткен 1-сынып бүлдіршіндерінің биі көпшілікті тәнті етті. Осындай ұлттық қасиетімізді ұлықтайтын шарадан кейін акт залы да көпке дейін домбыраның күйімен күмбірлеп тұрғандай болды. Осындай тәрбиелік



шаралардың жоғары деңгейде өтуі арқылы барыс текті өскелең ұрпақты жақсы тәрбиелей аламыз деп көміл сенемін.

Балших Ахмарал

Архивная обработка документов

Архивная обработка документов — это совокупность мероприятий, направленных на упорядочивание и систематизацию документации, которая образуется в результате деловой деятельности организации. По другому этот процесс называется научно-технической обработкой документов. Причем, это нужно не только для порядка и удобства, это диктуется законодательными нормами. К сожалению, не все организации осознают необходимость архивной обработки документов либо понимают ее крайне неоднозначно. Между тем научно-техническая обработка (НТО) документов является неотъемлемой частью всех процессов деятельности организации. В процессе НТО и экспертизы ценности документов составляются описи дел постоянного хранения, по личному составу, личных дел уволенных сотрудников, акт к уничтожению дел, не подлежащих хранению, а для сел и сельских округов еще добавляются хозяйственные книги. Систематизация дел, проведенная в ходе обработки документов, значительно облегчат поиск и доступ к тем или иным документам, необходимым в процессе деятельности. В частности, архивная обработка - это следующие виды работ:

1. Систематизация дел до проведения экспертизы ценности по хронологически-номинальному признаку.
2. Экспертиза научной и практической ценности с полистным просмотром дел.
3. Формирование дел и группировка документов в дела (до 180 листов) по годам и видам документов.
4. Систематизация, упорядочение внутри дела документов по характерным видовым признакам.
5. Составление заголовков дел, отражающих содержания документов в делах.
6. Составление внутренних описей дел (личные дела, приказы и т.д.)
7. Полистное проставление нумерации в делах.

8. Заполнение заверительных листов в делах.
9. Оформление титульных листов, с простановкой архивных шифров.
10. Выделение к уничтожению документов и дел, с истекшими сроками хранения.

Архивная обработка документов - процесс трудоемкий, требующий компетенций, опыта работы, знаний нормативно-правовых актов в области архивного дела и делопроизводства. КГУ «Государственный архив Егіндықольского района» для успешной обработки документов на постоянной основе проводит семинары по разъяснению правил проведения обработки документов, также оказывает консультации для организаций, проводящих НТО. К тому же архивом проводится обработка документов по утвержденному Прейскуранту цен на реализуемые товары (работы, услуги), оказываемые государственными архивами на платной основе. Следует отметить, что архивная обработка документов – процедура, закрепляемая на законодательном уровне. Согласно законам и нормативным актам Республики Казахстан, документы хранятся в архиве организации независимо от формы ее собственности. Только грамотная архивная обработка документов способна обеспечить правильное хранение в собственных архивах организации и для последующей передачи в Государственный. Важно помнить, что руководители организаций несут ответственность за несоблюдение сохранности документов и нарушение порядка архивной обработки. Архивная обработка документов — это залог эффективности и успешной работы любой организации. По всем интересующим вопросам вы можете обратиться в КГУ «Государственный архив Егіндықольского района» по номеру телефона 2-14-13.

КГУ «Государственный архив Егіндықольского района»

ЧС предупреждает

ГОТОВИМСЯ К ВЕСЕННЕМУ ПАВОДКУ

Зима на большей части Казахстана выдалась снежной, с частыми буранами и как следствие закрытыми трассами, заторами на дорогах и другими неудобствами. Егіндықольский район не стал исключением. На сегодняшний день в нашем районе выпало в 1,5 раз больше осадков, чем в аналогичном 2021 году, а высота снежного покрова на 20% больше чем в предыдущем. При этом зима еще активно напоминает о себе новыми буранами и снегом. И конечно не забываем о последних отголосках зимы в марте. Сложившаяся обстановка вызывает неподдельную озабоченность у соответствующих государственных органов по возможной паводковой обстановке весной. На территории Егіндықольского района имеются несколько опасных в паводковом отношении участков, в частности, это места переливов на дорогах областного и местного значения. Так же в населенных пунктах, при резком таянии, могут быть подтоплены частные жилые дома. В первом случае организацией, обслуживающей дороги, будет проводиться работа по очистке водопропускных труб для снижения давления талой воды на дорожное полотно. А вот во втором случае, во избежание подтоплений, нужна хорошая совместная работа, как коммунальных служб, так и самих жителей. Для предотвращения беды домовладельцам необходимо очистить придомовую территорию, крыши от снега (снег необходимо вывезти на прилегающую к дому проезжую часть). С проезжей части улиц населенных пунктов местные исполнительные органы будут вывозить снег в специальноопределенные снежные полигоны. Руководителям объектов хозяйствования необходимо очистить территорию организаций, крыши, цоколи зданий, подъезды, от снега (снег необходимо вывезти самостоятельно за пределы жилого сектора на снежные полигоны). Места дислокации снежных полигонов можно узнать в сельских акиматах или в Отделе по ЧС района.

Внимание!

Согласно пунктов 3, 4, 6 Правил благоустройства территорий городов и населенных пунктов Акмолинской области физические и юридические лица всех организационно-правовых форм должны обеспечить благоустройство, расчистку, уборку отведенной территории за счет своих средств самостоятельно.

Отдел по чрезвычайным ситуациям и Акимат Егіндықольского района

Хабарландыру

Қоржынкөл-А ЖШС «Биологиялық негіздеме» жұмыс жобасына «Егіндікөл ауданы Қоржынкөл көлінде 2022-2023 жылдарға арналған балықтарды және жануарлар дүниесінің басқа да объектілерін аулауына жол берілетін шекті көлемін айқындау» бойынша мүдделі қоғамның ой-пікірімен санасу мақсатында сұрақ қою түрінде ашық жиналысты өткізетіні туралы хабарлайды. Талқылауға жататын жобалық құжаттама <https://ecportal.kz/> бірыңғай экологиялық порталында «Жарияланған қоғамдық талқылаулар» бөлімінде осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бес жұмыс күні өткеннен кейін орналастырылатын болады. Қоғамдық талқылаудың өткізу күні 06.04.2022 ж. (10 жұмыс күн ішінде). «Научно-Производственный центр рыбного хозяйства» Северный филиал ЖШС – тел. 8-717-2-50-10-79; эл. пошта: kazniirh.astana@mail.ru. Әкімшілік-аумақтық бірлікті жергілікті атқарушы органы – «Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ., тел. 8(7162) 40-28-07.

Объявление

ТОО Қоржынкөл-А информирует общественность о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений к рабочему проекту «Определение предельно-допустимого объема изъятия рыб и других объектов животного мира на 2022-2023 год на озере Коржынкөл Егіндықольского района» водоемов по Акмолинской области». Проектная документация, подлежащая обсуждению, будет размещена на Едином экологическом портале <https://ecportal.kz/> в разделе «Опубликованные публичные обсуждения» по истечении пяти рабочих дней со дня опубликования данного объявления. Дата проведения общественных слушаний 06.04.2022 года (в течении 10 рабочих дней). ТОО «Научно-Производственный центр рыбного хозяйства» Северный филиал – тел.: 8-717-2-50-10-79, эл. адрес: kazniirh.astana@mail.ru. Местный исполнительный орган административно-территориальной единицы – ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Акмолинской области», 8(7162) 40-28-07.

<p>Редакцияның мекен-жайы: 020600 Ақмола облысы, Егіндікөл ауылы, Победа көшесі 7. Тел/факс:2-1369, Электронды пошта: egindikolinfo@mail.ru</p>					
<p>Меншік иесі: «Егіндікөл info» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі</p>	<p>Директор-редактор Гурбанова Светлана Михайловна</p>	<p>Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны үшін жауапкершілік жарнама берушіге жүктеледі. Жарнама берушілер жіберген кәсіптік бойынша шағымдар жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде қабылданады. Жарияланған материалдар редакцияның көзқарасына сәйкес болмауы мүмкін.</p>	<p>Газет «Алтын астық» газетінің редакциясында дайындалды, терілді, жинақталды. Нұр-Сұлтан қаласы, Жұбанов көшесі 24/1 «Дунасарова А. Д.» ЖК басылып шықты.</p>	<p>Мемлекеттік тілдегі материалдарға жауапты Балших Ахмарал Жинақтаушы оператор Алиева Анастасия</p>	<p>Тіркеу куәлігі №15838-Г 17.02.2016 ж. Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі берген Таралымы 505 дана аптасына 1 рет дүйсенбі күндері шығарылады.</p>